

Электр үнемдеу

1. Энергияны сақтау шамдарын пайдаланыңыз.

Энергияны сақтау шамдары дәстүрлі қыздырғыш шамдарға қарағанда қуатты шамамен 80 пайызға кем тұтынады, 8 - 10 есеге ұзағырақ қызмет етеді:

- шамның пайдалануы әрқашан нақты қажеттілікке сай келуі керек;
- бірнеше нашар қуатты шамнан гөрі бір қуатты шамды пайдаланған жақсы;
- шағылысқан жарық көзінен қашыңыз;
- әрдайым күндізгі жарыққа бейімделіп және оны қолданып, оған сай жұмыс орнын жабдықтаңыз;
- шам-шырақты функциясына сай орналасу орнын таңданыз (шамды шын мәнінде оқитын жерге қою және т.б.).

Қыздырғыш шамдарды қазіргі заманғы шамдарға ауыстыруы орташа санағанда, пәтердегі электр қуатын тұтынуды недәуір азайту мүмкіншілігі бар. Қазіргі заманғы электр үнемді шамдары шамамен он мың сағатқа дейін қызмет етеді, ал қыздырғыш шамдар болса орташа санағанда 1,5 мың сағат жұмыс істеп, 6-7 есе аз қызмет етеді. Бірақ бұған қарамастан құны шамамен 2-3 есе қымбат. 11 Вт қуатты люминисценттік шамдар 60 Вт қуатты қыздырғыш шамдармен ауыстыруға болады. Шығындарыңыз бір жыл ішінде ақталады, ал ол 3-4 жыл қызмет етеді.

Табиғи жарықты ескермеуге болмайды. Ашық түсті перделер, тұсқағаздар және төбе, таза терезелер, терезе алдындағы гүлдердің аса көп болмауы пәтердің, кеңсенің жарықталғандығын үлкейтіп, шырақтарды қолдануды қысқартады. Тозаңды (шаң) терезелер табиғи жарықталғандықты 30 пайызға азайтатындығын ескеру керек.

2. Ең үнемді тұрмыстық құралдарды пайдаланыңыз.

Қазіргі тұрмыстық құралдар оның негізін салушыларға қарағанда аз мөлшерде қуатты қолдануды қажет етеді. Жабдықты «stand by» (күту режимі) режимінде қалдырмаңыз – «қосу/сөндіру» батырмаларын қолданып немесе тоқтан өшіріңіз. Мысалы: пайдаланылмайтын құралдарды желіден өшіру (теледидар, видеомагнитофон, музыкалық орталық) жылына орташа 300 кВт/с дейін электр қуатын тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді.

20-21 дюйм диагональді - орташа экранды теледидар – күту режимінде 75 мА (миллиАмпер) тұтынады, желі кернеуі 220В, демек тұтыну қуаты $P=I \cdot U$ (вольт қуаты, ампер тоғы және вольт кернеуі), біздің ұйықтайтын теледидарымыз: $P = 0,075 \times 220 = 16,5$ Вт тең. Егер сіз күніне алты сағат теледидар қарасаңыз, яғни күту режимінде электр тұтыну тәулігіне 297 Вт/с, айына 8910, ол дегеніміз 9 кВт/с. Музыкалық орталыққа да ұқсас есеп беруге болады: айына шамамен 8 кВт/с, видеомагнитофон айына шамамен 4 кВт/с. Қорыта келе, тек үш құралды қолданғаннан – айына шамамен 21 кВт/с жұмсаймыз.

Шаңсорғышты пайдаланғанда жиын үшін қаптың үшінші бөлігі толы болғаны, шаң соруды 40 % нашарлатады, сәйкесінше бұнда электроэнергияны жұмсауы 40% ұлғаяды. Жүйелі түрде шаңсорғыш қапың және жүк сауытың электр энергияны айтарлықтай тұтынуды қысқартады. Кір жуғыш машиналарды қолданудағы басты шарт, іш киімді барынша жүктеп нормаға сай асырмай кір жуғыш машинаның толық емес жүктелуін де болдырмаған жөн, бұл жағдайда электрқуатты 10-15 % дейін артық шығындайсыз.

Егер киімді үтіктегенде аз болса да энергияны үнемдегіңіз келсе, оны кеуіп қалған қалпында үтіктемеген жөн. Электр пешті де қолданар алдында оған сәйкес ыдысты да

таңдау қажет, дұрыс таңдалмаған ыдыспен 5-10 % энергияны шығындайсыз. Түбі қисық ыдыспен қолданғанда электрқуатты 40-60 % артық шығындайсыз.

Электр шәйнектен татын да уақытылы алып тастау керек. Ол шәйнекті көп қыздырғаннан және суды қайнатқаннан пайда болып, ұзақ қызып, қайнағанға дейін көп уақытты қажет етеді.

Тоңазытқышты да ас бөлменің ең салқын бөлігіне қою қажет, мүмкіндігінше сыртқы жардың жанында тұрғаны жөн. Егер сіз тоңазытқышты 30°C температуралы бөлмеге қойсаңыз, электрқуатты тұтыну екі есе өседі. Суықтың сыртқа кетпеуі үшін тоңазытқышты мүмкіндігінше қажетсіз ашпаған жөн. Тоңазытқышқа жылы асты салар алдында, оны бөлме температурасына дейін суытып алу қажет. Тоңазытқышта мұздың қалыптасуында міндетті түрде оны жібіту керек. Көп қабатты мұздың қалыптасуы азық-түліктің суықтауын төмендетеді және электрқуатты артық тұтынуға әкеледі.

Ұялы телефонның электрқуатымен тотығу құралын тоққа қосып қойғанда да ол қызып кетеді. Бұндай жағдай құралдың тоққа қосылып тұрғанынан болады, сонда 95 % электрқуаты қажетсіз шығындалады.

3. Тамақты әзірлегенде электроқуатты үнемдеу жөніндегі кеңестерге құлақ асыңыз.

- жылуды дұрыс пайдалану үшін табақ пен конфорканың түбінің диаметрі бірдей болу керек;
- тегіс, жуан түбі бар табақ және қатты жабылатын қақпақтардың көмегімен электро энергияны артық шығындауды тоқтатыңыз;
- астың пісуіне 10 минут қалғанда электр пешті сөндіріңіз;
- асты пісіргенде аз мөлшерде суды және жабық қақпақпен пісіріңіз, өйткені судың бітуі асты пісіру уақытын 20-30% көбейтіп, энергияны, суды, уақытты үнемдеп, ол дәмді және пайдалы. Астың қайнаған кезінде төмен температуралы режимге көшу қажет.
- көп уақытты қажет ететін асты даярлауда тез пісіргіш құралды пайдаланған жөн;
- уақытылы ең жоғарғы режимнен қайнауға дейін жеткізетін режимге ауыстырған жөн. Егер сізде газды пеш болса, жалынның қарқындауын кішірейтіңіз;
- алдын ала пешті жылытып алудан бас тартыңыз, тағамдардың көбісі бұны қажет етпейді;
- пеште ауаны мәжбүрлі айналым режимін қолданыңыз, өйткені бұл бір мезгілде әр түрлі деңгейде пісіруге мүмкіндік беріп, сонымен қатар жылу жақсы үлестіріледі. Мұның арқасында төмен температураны қолданып толық мәзірді де әзірлеуге болады. Бір уақытта пеште жемісті, гарнирді және етті даярлап, соның өзінде электро энергия қолайлы шығындалады;
- пеш есігін міндет еткен кезде ғана ашыңыз;
- пеште 1 кг. астам салмақты етті пісірген жөн, одан аз салмақты болған кезде конфоркада пісірген үнемдірек;
- кофені кофе қайнатқыш машинасында қайнатқан үнемдірек. Сонымен қатар арнаулы құралдар, мысалы: жұмыртқа пісіргіш немесе тостер электр энергияны үнемдейді.